

ЕТІСТІК

ЗАТТЫҢ ІС-ӨРЕКЕТІН БІЛДІРЕТІН СӨЗТАБЫ.

СҰРАҚТАРЫ: НЕ ІСТЕДІ? НЕ ҚЫЛДЫ? ҚАЙТТИ?

ЕТІСТІК

Тұлғасына қарай

Негізгі түбір етістік

қимылды білдіретін
етістік

кел, кет, көрген, айтпады

Туынды түбір етістік

жұрнақпен жасалған
төл етістік

ой-ла, ақыл-дас, сан-а,
бас-қар

ЕТІСТІК

Құрамына қарай

Дара етістік

*бір ғана түбірден
тұрады*

*баста, кес, тасы, тара,
аяқта*

Күрделі етістік

*кемінде екі сөзден
тұрады*

*ала кел (ала- негізгі,
кел- көмекші етістік)*

ЕТІСТІК

Мағынасына қарай

Салт етістік

**табыс септігінен басқа
септіктегі сөзбен тіркеседі**

алады, жазар, өшірді

Сабақты етістік

**табыс септігіндегі
сөзбен тіркесетін
етістік**

**хатты оқы, ақшаны сана,
есепті шеш**

ЕТІСТІК

болу-болмауына қарай

болымды етістік

істің жүзеге асуын білдіреді

айт, айтады, айтқан

болымсыз етістік

*істің жүзеге аспауын
білдіреді*

*кетпе, барған жоқ,
келген емес*

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

**СӨЙЛЕП ТҰРҒАН СӘТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОРЫНДАЛУ МЕЗГІЛІ, УАҚЫТЫ
КӨРІНЕТІН ҚИМЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШ**

осы шақ

**(сөйлеп тұрған сәттегі және дағдылы
орындалатын қимыл)**

нақ осы шақ

**сөйлеп тұрған сәтте орындалып
жатқан қимыл**

ауыспалы осы шақ

**дағдылы қайталана
орындалатын қимыл**

КЕЛЕР ШАҚ

СӨЙЛЕП ТҰРҒАН СӘТТЕГІ КЕЙІН ОРЫНДАЛАТЫН ҚИМЫЛ

Болжалдық келер шақ	Орындалу уақыты айқын емес қимыл
Мақсатты келер шақ	Мақсат қоя орындалатын қимыл
Ауыспалы келер шақ	Белгілі бір сәтте орындауға тиәстә қимыл

ӨТКЕН ШАҚ

СӨЙЛЕП ТҰРҒАН СӨТТЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛАТЫН ҚИМЫЛ

Жедел өткен шақ	Таяу мезгілде орындалып кеткен қимыл
Бұрынғы өткен шақ	Әлдеқашан орындалған қимыл
Ауыспалы өткен шақ	Дағдылы орындалып кеткен қимыл

ЕСІМШЕ

Есімше-есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Есімше септеліп, тәуелденіп, көптеліп есім сөздің қызметін атқарды және жіктеліп етістіктің қызметін атқарады.

Есімшенің жұрнақтары

№	жұрнақ	мысал
1	-ған, -ген, -қан, -кен	Алған, келген, кеткен
2	-ар, ер, -р, -с	Барар, жүрер, оқыр, оқымас
3	-атын, -етін, -йтын, -йтін	Алатын, өретін, санайтын
4	-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек	Бармақ, келмек, жазбақ, жүзбек, айтпақ, кетпек

КӨСЕМШЕ

Көсемше-пысықтауыш пен баяндауыштың қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Көсемше іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, пысықтауыш олады және жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, баяндауыш болады.

№	жұрнақ	мысал
1	-а, -е, -й	Барады, келеді, санайды
2	-ып, -іп, -п	Шығып, санап
3	-ғала, -гелі, -қалы, -келі	Алғалы, бергелі, басқалы

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысал
1. Ашық рай (изъявительное)	Іс-қимылдың қай шақта орындалғанын білдіреді	Үш шақтың жасалу жолдары арқылы жасалады	Мен келдім. Мен келемін. Ол жейтін.
2. Бұйрық рай (повелительное)	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету мағынасын білдіреді	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы жасалады	Мен келейін. Сен бар. Ол айтсын.
3. шартты рай (условное)	Іс-қимылдың орындалу-орындармау шартын біліреді	Етістік (-са.-се) жіктік жалғау	Сабақ оқысам. Бес алсам
4. Қалау рай (желательное)	Іс-қимылдың орындаушының қалауын, тілегін, ниетін білдіреді.	а)-ғы, -гі, -қы,-кі Тәуелдік жалғ. «кел»	Біздің сабақ оқығымыз келеді.
		б)-ғай,-гей, -қай, -кей жіктік жалғау -са, -се жіктік жалғау игі еді	Оқығайсыз, келгейсіз Олбарса игі еді. Біз айтсақ игі еді.

ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

№	Ереже	Мысал
1.	Етістікер жіктеліп келіп, баяндауыш болады.	Мен биыл бітіремін.
2.	Есімше мен тұйық етімтік атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Оқу- білім бұлағы. Оқыған озады.
3.	Есімше және тұйық етістік атау және ілік септіктерінен басқасептіктерде тұрып, толықтауыш болады.	Білгенге маржан, білмегенге арзан.
4.	Көсемше қимылдың әртүрлі қасиетін білдіріп, пысықтауыш болады.	Ол күлімсіреп қарады.
5.	Есімше және ілік септігіндегі тұйық етістік анықтауыш болады.	Оқудың шегі жоқ. Ізденген адам мұратына жетеді.